

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 мамырдағы N 528 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "MAN TURBO AG" компаниясы (Германия) сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Маңғыстау облысында орналасқан "Орталық Азия - Орталық" магистральды газ құбырының "Опорная" компрессорлық станциясында турбокомпрессор цехын салу жөніндегі тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді беруші
б о л ы п б е л г і л е н с і н .

2. "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамына осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы
ш а р т ж а с а с у ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі